




«Халық өлшемдері»



«Шағала» тобы

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Тобы: «Шағала» тобы

Білімаумағы: Таным, Қатынас, Шығармашылық,

Білім бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, Көркем әдебиет, Сауат ашу, Сурет салу.

Өтілетін күні:

Тақырыбы: Халық өлшемдері

Мақсаты: Халық тәжірбиесіндегі заттың ұзындығы мен сыйымдылығын саусақпен өлшеу жолдары жайында түсіндіру. Өлшемдер арқылы ұзындық және мөлшер туралы ұғымын кеңейту. Сандар туралы ұғымын кеңейту. Саусақ бұлшықет қимылдарын арттыру. Балалар бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіртіп, ата-бабасының тыныс-тіршілігін хабардар ету, есте сақтауға тәрбиелеу.

Міндеті: Балалардың ойлау іскерліктерін дамыту, ата-баба даналығынан өнер алуға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа, бастаған жұмысын соңына дейін жеткізуге дағдыландыру, шығармашылық қабілетін арттыру.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, таратпа құралдар, үлгі суреттер

Алдын-ала жұмыстары: Д/о «Ұзын-қысқа»

Блингвалдық компоненттері: Өлшемдер-измерение.

Инклюзивтік әлеумет: Алексейге өлшемдерді ажырата білуге үйрету.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Қызмет түрі	Тілек шеңбері Менің қолымнан жақсылық келеді, Мен әдемімін, халқыма қызмет етемін, Айға ұшамын, Жерге түсемін Еліме тыныштық, Достарыма денсаулық тілеймін. Таң атқанда әрдайым Сәлем беру әдетім. Екі қолым кеудемде Ассалаумағалейкум! Ғ.с: слайд арқылы «Ғажайыпстанға саяхат» мультфильмнің кейіпкерлерін көрсету.	Тілек шеңберінде қонақтармен сәлемдесіп, бір-біріне жақсы тілектер айтады. Қызыға қарайды.

Ұйымдастыру
шы –
ізденушілік

–Балалар, Аяжан мен Елдосқа халық
өлшемдері туралы білмейді екен. Оларға
көмектесеміз бе?

Алдымен мен сендерге алдымен жұмбақ
жасырамын.

Бөлінбейді қыдырып,
Жұмылғанда жұдырық
Ағайынды бес құрдас,
Бірдей болып еш тұрмас.

Слайдтан саусақты көрсету.



–Дұрыс айтасындар, ал сендер қол-
саусақ арқылы не істейсіңдер?

–Ал сендер қол саусақтарын қалай
атайсындар?

–Саусақтары туралы қандай тақпақ
білесіңдер?

1.Бас бармақ

Жатып алмай талайдан,
Бұзауларды бақ айнама
Кешке үйге келгенде,
Құйып берем, ақ айран.

2.Балан үйрек

Шөп жиналып бітпеген,
Сен сонда бар жұртпенен
Кешке үйге барғанда,
Май беремін, құртпенен.

3.Ортан терек.

Сен ортаншы бөбегім,
Қырда бүгін көп егін.
Сен қырманнан келгенде.
Кәмпітті үйіп-төгемін.

4.Шылдыр шүмек.

Еңбек етсең жақсы адам.
Қарбыз жина бақшадан.

Дастарқанға сен үшін,
Тәтті, нанды көп салам

5.Кішкентай бөбек.

Жатып бекер жеп-ішпе.

Үй жұмысын сен істе,

Кешке қарай өзінді

Тойдырамын жеміске.

–Ал осы саусақтар бірдей ме?

–Ия, көмектесеміз.

Жұмбақ шешуін
айтады.

–Бес саусақ.

–Сурет саламыз,
тамақ ішеміз.

–Бас бармақ, балан
үйрек, ортан терек,
шылдыр шүмек.
кішкентай бөбек.

Тақпақтарды
айтады.

–Бірдей емес.

–Ал, енді осы жайында, саусақтар туралы халық аңызын тыңдайық.



–Ең алғашқыда саусақтар бірдей болып жаратылыпты.Бастары қосылғанда бас бармақ басқаларға қарап:

–Ұрлық жасаймыз ба?– депті.

Сұқ саусақ оның сөзін қолдап:

–Жасасақ, жасайық,- депті.

–Ортаншы саусақ:

–Құдайдан қорықпайсындар ма?- депті.

–Аты жоқ саусақ:

–Құдай не қылар дейсің?-депті.

Сонда шынашақ: алайық та, қашайық,ұрлайық та соялық –депті шыдамсыздана.Саусақтардың осы айтқандарын құдай естіп, оларды әртүрлі етіп жаратқан екен.Кейде өмірде іс-әрекеттін,қадір-қасиетін бағалап, басқамен салыстырғанда «бес саусақ бірдей емес» деген сөзді мәтел есебінде үлкендер жиі айтып отырған.

–Аңыз не жайында айтылды?

–Бес саусақты не үшін әр-түрлі етіп жазалады?

–Ал үлкендер бес саусақты қалай атаған?

–Дұрыс айтасындар. Ертеде біздің ата-бабаларымызда сызғыш, метрлік, таразы болмаған. Сондықтан олар өлшеуіш бірлік ретінде саусақтарды пайдаланды. Суреттегі әр өлшемге қарап, саусақ белгісіне қарап аттарын атау.Слайдпен саусақтарды көрсету.



–Саусақтың көлденең қалыңдығы қалай аталады?


–Бас бармақ пен сұқ саусақтың буыны бүгіліп белгіленген өлшем?

Халық аңызын қызыға тыңдайды.


–Саусақтар туралы
–Ұрлық жасағаны үшін
–Бас бармақ,сұқ саусақ, ортаншы саусақ,аты жоқ саусақ, шынашақ.

–Елі


–Бас бармақ пен сұқ саусақтың аралығындағы өлшем?
 –Бас бармақ пен ортан саусақтың аралық мөлшері?
 –Бас бармақ пен шынашақтың аралық мөлшері қалай аталады?
 –Жарайсыңдар, ал енді саусақтар арқылы халық өлшеміне сүйене отырып, тапсырмаларды орындаймыз.
 –Ал енді өлшемдерге байланысты тапсырмаларды орындаймыз.
 1-тапсырма. Д/О «Ұзын-қысқа»
 Алдарындағы қызыл және көк түсті жолақтарды елі арқылы өлшеу. Қайсысы ұзын, қайсысы қысқа?
 –Балалар сөздер де ұзын-қысқа болып бөлінеді. Мын суреттерге қарап, ұзын-қысқа сөздерді атандар. Д/о: «Сөздіөлше»




2-тапсырма. Д/О: «Ойлан, тап» Мына тор көздің әрқайсысынан неше елі тор көз қиып алынды. Қайсысы көп?



3-тапсырма. Д/О «Кім жылдам?» Мына суреттегі әр-түрлі бейнелерді елі өлшемі арқылы өлшеп ұзындығына қарай санды ретімен жазып қоямыз.



Ал, балалар енді слайдқа қарап, сандарды ұзындығына қарай ретімен қойғанымызды тексерейік. Балаларға сұрақтар қою.



–Сынық сүйем

–Сүйем

–Қарыс сүйем

–Қарыс

Ұзын-қысқа жолақтарды өлшейді.

Сөздерді ажыратып айтады.

Қиылған тор санын жазып, көп, аз белгілерін қояды.

Елі өлшеуі арқылы санап, ұзындықтарына қарай реттік сандар қояды.

Балалар слайдқа қарап, сандарды тексереді.

–Балалар ертеректе таразы орнына сыйымдылықты саусақ көмегімен өлшеген. Өлшемдер туралы сұрақ қою. Слайд арқылы көрсету.



–Балалар егер дұрыс орындасак шығармашылық арналған тапсырманы орындаймыз.

- Майда затты басбармақ және сұксаусақпен қосып алғандағы өлшем.

–Үш саусақтың ұшымен қосып алғандығы өлшем?

–Қол саусақтарын жымдастыра бүккендегі өлшем?

–Қос қолдыңсаусақтарын бірге жымдастыра бүккендегі өлшем.

Іс-тәжірбие жүргізу. Үстел үстіне үш ыдысқа әр-түлі өлшеммен бұршақты сату. Балаларға тапсырмалар беру:

–Назерке бір шымшым тұз ал.

–Сержан шөкім шай ал.

–Л/о .Қалай ойласындар, бір шымшым тұз көп пе, бір шөкім шай көп пе?


–Неліктен?

–Нұрай бір уыс тары ал.

–Нұрсұлтан қос уыс тары ал.

Бір уыс тары көп пе, қос уыс тары көп пе?

Д/О: «Шешуін тап» Қос уыс тарыға бір уыс тарыны қосуды сан арқылы есептеп шешімін табындар.



Сергіту сәті.

Жұдырық, жұмырық, шеңгел

Біліп ал бәрін меңгер

Және де бұларға туыс

Бүрсен саусақта уыс

Уыс, шеңгел, шапалақ

–Шымшым

–Шөкім

–Бір уыс

–Қос уыс

Балалар тапсырманы орындайды.

–Тұз көп.

–Тұз шайдан ауыр.

–Қос уыс тары көп

Сандарды қосады.

Сергіту сәтін жасайды.

	Бәрін білсең ғажап-ақ. –Балалар бір жылда неше мезгіл бар? –Жыл мезгілдерін атандаршы? – Жыл мезгілідерінде өзгерістерін айтып беріңдерші? –Дұрыс айтасындар.Балалар біз бүгін шығармашылыққа алаңына барып, жылдың төрт мезгіліндегі табиғат өзгерісін алдарында қағазға салынған ағаштарды дәстүрден тыс әдістерді қолдана отырып бейнелейік. 1-топ. Қыс мезгіліндегі табиғатты көпіршікті сабын-суға қылқаламды баяу батырып, қағаз бетін бояймыз. Қағазға желім жағып, жауған қарды ақ түсті майда пенопласты шымшым себу арқылы бейнелейді. 2-топ.Көктем мезгіліндегі табиғатты қалдық заттардан қиылған жапырақтар мен түрлі-түсті қағаздан қиылған бүршіктерді қағаз бетіне сәйкестендіре желім жағып жапсыру арқылы бейнелейді. 3-топ.Жаз мезгіліндегі табиғатты қызыл және жасыл түсті бояуға кесінділерді батырып, қағазға мөр басу арқылы жапырақтар мен жемістерін салу арқылы бейнелейді. 4-топ.Күз мезгіліндегітабиғатты алдынала боялған сары,көк түсті күрішті пайдалана отырып, қағаз бетіне желім жағып арқылы жапсыру арқылы күзгі табиғатты бейнелеу.	–Төрт мезгіл. – Қыс, көктем, жаз күз. Жыл мезгілдері туралы айтады. Ұсынысқа келіседі Тәрбиешінің іс-әрекетін бақылап,табиғат бейнесін салады.
Жетекші-жөндеуші	Қорытынды сұрақтар. –Балалар сендер ненің суретін салдыңдар? –Қандай әдістерді қолдандыңдар? –Бүгін біз қандай өлшемдерімен таныстыңдар?	Табиғат бейнесінің суретін салдық. Әдістерді айтады. –Халық өлшемдерімен таныстық.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Ұлттық өлшемдер туралы. Саусақ көмегімен өлшеуді білді.

Қалыптасқан түсініктер: Ұлттық өлшемдер арқылы ұзындықты және мөлшерді өлшеуді қалыптастырды.

Орындаушылық қабілеті: Тапсырманы бірлесе орындайды, бір-біріне достық сезімі артады, ойлау қабілеті, саусақ бұлшықеті дамиды.